



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 17 қазандағы № 880 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрі Ерлан Жақсылықұлы Сәрсембаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 17 қазандағы
№ 880 қаулысымен
мақұлдаған
Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі

екі мемлекет арасындағы тарихи қалыптасқан қарым-қатынастарды назарға ала отырып,

екі мемлекет арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту үшін өнеркәсіптік меншікті тиімді қорғаудың маңыздылығын түсіне отырып,

өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға ұмтыла отырып,

теңдік және өзара тиімділік қағидаттарында осындай ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ниет білдіре отырып,

өнеркәсіптік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру қажеттігін назарға ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап. Қолдану саласы

Осы Келісім Тараптардың өнеркәсіптік меншік саласындағы ынтымақтастығының негізгі бағыттарын белгілейді.

2-бап. Терминдер мен анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"зияткерлік меншік" – 1967 жылғы 14 шілдедегі Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымын құратын Конвенцияның 2-бабында көрсетілген мағынада түсініледі;

"өнеркәсіптік меншік" – 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының 1-бабында көрсетілген мағынада түсініледі;

"күпия ақпарат" – үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар, заңды негізде еркін қолжетімділігі жоқ және иесі оның құпиялылығын қорғауды қамтамасыз етуге шаралар қолданатын ақпарат, оның ішінде өндірістің (ноу-хау) құпиясын құрайтын ғылыми-техникалық, технологиялық және өндірістік ақпарат.

3-бап. Құзыретті органдар

Тараптардың осы Келісімді жүзеге асыруға жауапты құзыретті органдары:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

Әзербайжан Республикасы Үкіметінің атынан – Әзербайжан Республикасының Зияткерлік меншік агенттігі.

Құзыретті органның өзгергені туралы Тараптардың әрқайсысы бір ай ішінде екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабардар етеді.

4-бап. Өнеркәсіптік меншікті қорғау

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамасына, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес өнеркәсіптік меншік құқықтарын өзара тиімді қорғауды ұсынады.

5-бап. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

Тараптардың өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастығы:

өзара қолайлы шешімдер қабылдау үшін өнеркәсіптік меншікті қорғауға байланысты мәселелерді қарау;

өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері бойынша ақпарат және тәжірибе алмасу;

Тараптардың заңнамасы туралы ақпарат, өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы оқу, әдістемелік және өзге де арнаулы әдебиет алмасу;

өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер, семинарлар және конференциялар ұйымдастыруға жәрдемдесу;

кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;

өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау тетіктерін жетілдіру бойынша ақпарат алмасу;

осы Келісімнің 1, 4 және 7-баптарының ережелері ескеріле отырып, Тараптардың құзыретті органдарымен келісілген ынтымақтастықтың басқа да нысандарын іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

6-бап. Ақпарат алмасу

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес зияткерлік меншік нарығына қатысушылар арасында ашық құқықтық, ғылыми-техникалық, патенттік және өзге де ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

Осы Келісімде ештеңе де Тараптар мемлекеттерінің заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге кедергі келтіретіндей құпия ақпаратты ашуды Тараптардан талап етпейді.

7-бап. Іс-шараларды қаржыландыру

Осы Келісімді іске асыру бойынша Тараптар жүргізетін іс-шараларды қаржыландыру Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген тәртіппен Тараптардың бюджетінде көзделетін қаражат шеңберінде жүзеге асырылады.

8-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдер

Тараптардың жеке немесе заңды тұлғалары істерді қорғау құжаттарын беруге, қорғау құжаттарын алуға және оларды күшінде ұстауға өтінімдер беру жүзеге асырылатын Тарап мемлекетінің патенттік сенім білдірілген өкілдері арқылы тікелей жүргізуге міндетті.

9-бап. Дауларды шешу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер немесе даулар Тараптар арасындағы келіссөздер мен консультациялар арқылы шешіледі.

10-бап. Басқа халықаралық шарттармен өзара іс-қимыл

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

11-бап. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөліктері болып табылатын, жеке хаттамалармен рәсімделетін және осы Келісімнің 12-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап. Келісімнің күшіне енуі, қолданылу мерзімі, қолданылуын тоқтату

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап 30-шы (отызыншы) күні күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберу жолымен осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Бұл

жағдайда осы Келісімнің қолданысы осындай хабарламаны алған күннен бастап 90-шы (тоқсаныншы) күні тоқтатылады.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату осы Келісімнің қолданылу кезеңінде берілген өтінімдер бойынша екі мемлекеттің жеке және заңды тұлғаларына берілген немесе берілуі мүмкін қорғау құжаттарының қолданысын қозғамайды.

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап 1998 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім әрекетін тоқтатады.

_____ қаласында 202__ жылғы "___" ____ әрқайсысы қазақ, әзербайжан және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндері бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады. Осы Келісімді түсіндіру кезінде сәйкессіздіктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтіннің күші басым болады.

*Қазақстан Республикасының
Әзербайжан Республикасының*

Үкіметі үшін Үкіметі үшін